

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам).
 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2023 жылғы 3 сәуірден бастап 12 мамырға дейін.
 Талдамалық анықтамаға қол қойылған күні: 2023 жылғы 12 мамыр.

р/с №	Ұсыным	Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Ұсынымның орындалуы туралы ақпарат
1.	Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің қолданыстағы жүйесін пысықтау бөлігінде Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру/бекіту.	Қоғамның Басқарма/ДК шешімімен бекітілген ІНҚ	Орындалды. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі бойынша ішкі нормативтік құжаттар бекітілді: - Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 30 наурыздағы шешімімен (№ 9 хаттама); - Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен (№ 6 хаттама).
2	Сенімділікті тексеру құралдарының көмегімен Қоғамның контрагенттерінің/бизнес-серіктестерінің өзара іс-қимылында жекелеген жұмыскерлерді (жұмысқа қабылдау, қызметте орын ауыстыру кезінде) кешенді тексеруді жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру.	Сенімділікті тексеру жөніндегі сервиске қолжетімділік беру бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт	Орындалды. Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 21 маусымдағы № 161 шарт.
3	Бейіндік тестілеу рәсімін енгізу бөлігінде және т.б. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жұмыскерлерін іріктеу және бейімдеу қағидаларын өзектендіру	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жұмыскерлерін іріктеу және бейімдеу немесе оларға өзгерістер/толықтырулар қағидалары	Орындалуда.

4	Бақылауға және мониторингке, комиссиялық қабылдауға және тексеруге жататын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін айқындау.	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген Қоғамның тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру немесе өзгерту/толықтыру жөніндегі нұсқаулық.	Орындалуда.
5	«Электрондық қаржы орталығы» АҚ қызметін құқықтық қамтамасыз ету процестерін дайындау, жасасу, шарттарды орындау және басқару қағидаларын өзектендіру.	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ қызметін құқықтық қамтамасыз ету процестерін дайындау, жасасу, шарттарды орындау және басқару немесе оларға өзгерістер/толықтырулар қағидалары	Орындалды. «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметін құқықтық қамтамасыз ету процестерін дайындау, жасасу, орындау және басқару қағидалары Қоғам Басқармасының 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен жаңа редакцияда бекітілді (№ 24 хаттама).
6	Қоғамда ISO 37001:2016 халықаралық стандартын енгізу және тиісті растау (сертификаттау).	Енгізуді және растайтын сертификаттауды құжаттар	Орындалуда.
7	Бизнес-серіктестерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізу және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау қажеттілігі туралы хабардар ету.	Ресми хаттар және/немесе сайттағы хабарландыру түрінде	Орындалды. 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 03-1 / 3284 шығыс хат. 2023 жылғы 10 мамырда Қоғамның корпоративтік сайтында «Жаңалықтар» бөлімінде «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» тақырыбында хабарландыру орналастырылды.
8	Қоғам қызметтерінің құнын есептеудің өзекті әдістемесін бекіту үшін қажетті шаралар қабылдау.	ДК шешімімен бекітілген Қоғам қызметтерінің құнын есептеу әдістемесі	Орындалуда.